

# ТУҒЫ

ІНІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

сентябрь Жұма

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын

Осы (бесінші) бесжылдық жоспар социализмнің өмірлік ұлы күшін, шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан түбірлі артықшылықтарын бүкіл дүние жүзі алдында тағы да айқын көрсетеді.

(БК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының» жобасынан).

ық

## Қытай Халық Республикасы Үкмет делегациясының Москвадан жүріп кетуі

— кейбір идеялық қысып келе-комитет тарау таралмақтығы іксіз бөк мәдени-форлардың га рұхсат ық намі емес пе? шіліктер-насихат-болғы

22 сентябрьде Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Әкімшілік Советінің Премьері және Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай Москвадан жүріп кетті.

Чжоу Эн-лаймен бірге Москвадан Мемлекеттік Әкімшілік Советі Премьерінің Орынбасары Чань Юнь, Халық-революциялық Соғыс Советінің Бас Штабы Бастығының Орынбасары Су Юй, ауыр Өнеркәсіп Министрі Ван Хао-шоу, Қытай Халық Республикасы Соғыс-Теңіз Флоты Қолбасшысының Орынбасары Ло Шунь-чу, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің СССР және шығыс Еуропа елдері Бөлімінің Бастығы Сюй И-синь, Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Азия бөлімінің бастығы Чань Цзя-кан жүріп кетті.

Орталық аэродромда оларды СССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасарлары В. М. Молотов, А. И. Микоян, Н. А. Булганин, СССР Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский, Сыртқы Сауда Министрі П. Н. Кумишин, СССР-ның Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочиеді елшісі А. С. Панюшкин, Мосссоветтің Председателі М. А. Яснов, Сыртқы Сауда Министрінің Орынбасары С. А. Борисов, СССР-ның Қытай Халық Республикасындағы Сауда Әкімі В. И. Мигунов, Генерал-полковник М. С. Малинин, авиация Генерал-лейтенанты П. Ф. Батицкий, Контр-адмирал В. Д. Яковлев, Москва қаласының коменданты Генерал-лейтенант К. Р. Синилов, СССР

Мүшесі Н. Т. Федоренко, Сыртқы Сауда Министрінің Шығыс Басқармасының бастығы М. И. Сладковский, СССР Сыртқы Істер Министрінің Протокол Бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары В. В. Пастовский шығарып салды.

Жүретіндерді Монгол Халық Республикасының Премьер Министрі Ю. Цеденбал, Монгол Халық Республикасының Мемлекеттік Қорғаныс Министрі С. Баты және Монгол Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің орынбасары Ж. Самоу шығарып салды.

Шығарып салғандардың ішінде Мемлекеттік Әкімшілік Советі жанындағы Финанс — Экономикалық Комитет председателінің орынбасары Ли Фу-чунь, Отын өнеркәсібі Министрі Чань Юй, Финанс-Экономикалық Комитет Секретариатының Бастығы Сун Шао-вань, Қытай Халық Республикасы Әуе Соғыс Күштерінің қолбасшысы Лю Я-лоу, Қытай Халық Республикасы Артиллерия Қолбасшысының Орынбасары Цю Чуань-чэн, Машина құрылысы Өнеркәсібі Министрінің Орынбасары Ван Дао-хань, пошта, телеграф және телефон Министрінің Орынбасары Ван Чжен және Қытай Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Саяси Секретары Ши Чжэ болды.

Сол сияқты, жүретіндерді, Қытай Халық Республикасының СССР-дағы Елшілігінің Төтенше және Полномочиеді Елшісі Чжан Вэй-чань бастаған дипломатиялық құра-

төтенше және Полномочиеді Елшісі С. Блатова, Монгол Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Н. Идамжаб, Венгер Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі А. Складан, Бирма одағының Төтенше және Полномочиеді Елшісі М. Он, Корей Халық-Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Нгуэн Лонг Банг, Румын Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі М. Даля, Герман Демократиялық Республикасы дипломатиялық миссиясының бастығы Р. Ашельт, Албания демократиялық Республикасының Төтенше Елшісі және Полномочиеді Министрі В. Натанали, Израиль мемлекетінің Төтенше Елшісі және Полномочиеді Министрі С. Эльзшив, Поляк Халық Республикасының істері жөніндегі Уақытша Сенімді өкілі Л. Погорилес, Чехословак Республикасының істері жөніндегі Уақытша Сенімді өкілі Д. Есны шығарып салды.

Шығарып салуда құрметті қарауыл қабылдан және Қытай Халық Республикасымен Совет Одағының Мемлекеттік Гимндері орындалды.

Аэродром қытай және совет туларымен безендірілді. СССР Сыртқы Істер Министрінің Протокол бөлімінің меңгерушісі А. Г. Кулаженков делегацияны шекараға дейін шығарып салады.

### Халықтық демократия елдерінде

#### И. В. Сталин Шығармаларының сегізінші томы Чех тілінде

ПРАГА, 24 сентябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі: «Свобода» баспасы И. В. Сталин жолдастың Шығармаларының сегізінші томын 120 мың дана етіп басып шығарды деп хабарлады.

#### И. В. Сталин Шығармаларының бесінші томы Словак тілінде

ПРАГА, 23 сентябрь. (СОТА). Чехословакияның Братиславадағы «Правда» баспасы И. В. Сталин Шығармаларының словак тіліндегі бесінші томын жарыққа шығарды.

#### Советтік мәдениет қайраткерлерінің Болгарияда болуы

СОФИЯ, 24 сентябрь. (СОТА). Болгар совет достығының айлығына байланысты келіп жатқан советтік мәдениет қайраткерлерінің делегациясын барлық жерлерде еңбекшілер жылы жүзбен қарсы алуда. Делегация мүшелерінің фабрика мен заводтарда, жаңа құрылыс орындарында, институттарда, мекемелерде болуы болгар еңбекшілерінің мейрамына айналуы.

цияларды мүлде жеткіліксіз ұйымдастырды. Осының салдарынан көптеген өздігінен оқушылар өздерінің жеке жұмыс жасауында қарсы келген материалдарды толық оқып, үйрене алмады.

Сонымен бірге, Мамлют, Бонюхов аудандарында еңбекшілер үшін саяси және ғылыми тақырыптарда лекциялар мұтде кем оқылып келеді. Бонюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс», «Красная жасость» және Мамлют ауданындағы Вильямс атындағы ауыл шаруашылығы артоблы мүшелерінің 1952 жылдың өткен уақытынан бері бірде-бір лекция тыңдамауы осыны дәлелдейді.

## Съезд алдындағы вахта

МАМЛЮТКА. (Солтүстік Қазақстан облысы), (ҚазТАГ). Мамлют ауданындағы МТС механизаторлары Москва автозаводшыларынан үлгі ала отырып, партияның XIX съезін лайықты табыспен қарсы алу үшін жарысуда. Көптеген комбайншылар күн сайын екі нормадан орындайды. Интернациональная МТС-інің комбайншылары Социалистік Еңбек Ері коммунист Петр Пономарев съезд қарсаңындағы вахтаға тұрып, еңбек өнімділігін 30 процент арттырды. Соңғы бес күнде ол күніне 65—70 гектар жердің егінін орауда.

Оның «Сталинец — 6» комбайндарының буферлерінен күн сайын 1200—1300 центнер астық алынады. Пономарев ком-

байндарын барынша шапшаң жүргізеді.

Әр сағат сайын ол 3—3,5 гектар жердің егінін орып, 60 центнерден, кейде тіпті одан да көп астық бастырады. Механизатор уақытының әрбір минуты есеппен жұмсайды. Буферлерден астық комбайн жүріп бара жатқанда түсіріледі. Агрегат электр жарығымен жабдықталған. Бұл жағдай тәулігіне 20 сағат бойына егін жыйнауға мүмкіндік береді.

Идеологиялық жұмыстың негізгі саласы — лекциялық насихаттың өрісі кең, дәрежесі жоғары болсын.

21 күн ішінде Пономаревтің агрегатынан 12 мың центнер астық алынды. Атақты комбайншы көзінді өзінде мыңнағас гектар жердің егінін орды, соның ішінде 300 гектар егін үземделген жантмаймен орылды.

21 күн ішінде Пономаревтің агрегатынан 12 мың центнер астық алынды. Атақты комбайншы көзінді өзінде мыңнағас гектар жердің егінін орды, соның ішінде 300 гектар егін үземделген жантмаймен орылды.

## Мемлекеттік орман алқабында

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Вишнева тауы — Каспий теңізі мемлекеттік орман алқабында күзгі ағаш отырғызуға әзірлік жұмысы өрістеді. Орман қорғау коллективтерінде жұмысшылардың оқуына, еңбектің озат әдістерін меңгеруіне, мичуриндік ғылымның жетістіктерін меңгеруге, далада ағаш өсіру мәселелеріне зор көңіл бөлінуде. Ағаш өсірушілер мен орман ауыл шаруашылықтары орманшыларының ұл-

кен тобы Оралдағы мемлекеттік орман алқаптары басқармасының жаңындағы ескі айлық мамандық арттыру курсына оқып шықты. Чапаевск, Орал және Бөрік орман қорғау станцияларында тракторшылар, трактор бригадаларының заправщиктерін әзірледі. Орман шаруашылығының жұмыстары жөніндегі 200-ге жуық бригадир ағаш өсірудің агротехикасын жөнінде лекциялар тыңлап отыр.

## Монгол Халық Республикасының Премьер-М Ю. Цеденбал Москвадан жүріп кетті

Монгол Халық Республикасының Премьер-министрі Ю. Цеденбал 23 сентябрьде Москвадан жүріп кетті.

Онымен бірге Монгол Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Ж. Самбу жүріп кетті.

Орталық аэродромда қонақтарды СССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоян, СССР Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский, СССР-ның Монгол Халық Республикасындағы Елшісі Г. И. Иванников, Сыртқы Сауда Министрінің Орынбасары С. А. Борисов, Москва Советінің председатели М. А. Яенов, Генерал-полковник М. С. Малинин, Москва қаласының коменданты Генерал-лейтенант К. Р. Синилов, СССР Сыртқы Істер Министрлігі Коллегиясының мүшесі Н. Т. Федоренко, Сыртқы Сауда Министрлігі Шығыс Басқармасының Бастығы М. И.

Сладковский, СССР Сыртқы Істер Министрлігі Протокол бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары В. В. Пастоев шығарып салды.


Қонақтарды, сонымен қатар, Монгол Халық Республикасының СССР-дағы Елшілігінің Төтенше және Полномочиеді Елшісі Н. Пдамжаб бастаған дипломатиялық құрамы, Болгар Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі С. Благов, Венгер Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі А. Складак, Қытай Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Чжан Вэньтинь, Корей Халық-Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Нгуен Лонг Банг, Герман Демократиялық Республикасы дипломатия-

лық миссиясының Албан Халық Респбликасының Елшісі В. Натанали, сының уақытымын Халық Республикасының Елшісі Ш. Дуксының уақытырып салды.

Шығарып салу қойылып, сы мен Совет Одері орындалды.

Аэродром Могрымен безендірі

Премьер-Министр Сыртқы Істер қызметкері М. Ц



Қазақстан К(б)П VI съезінде  
СУРЕТТЕ: мәжіліс залының көрінісі.  
Суретті түсірген П. Федоров.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы)

## Жаңа

ЭК

ЛЕНИНГРАД, каваторлар жас торлары құрыл жасаудың Бүл институтының меткерлерімен сан, жаңа нүс ватор жасал ш «Ә—258» м 200» жүк авт рынғы жасал айырмашылығы және жұмысшы көлтіретін мүн жаңа агрегат сыла арналған. жұмысына жән тағы басқа сон ды. Бұл әжекав ре алады.

# Зақстан К(б)П VI съезі

## 1952 жылғы 21 сентябрьдегі таңертеңгі мәжіліс

тағанынан біз басшылық жеткілікті қорғалықтарды қарап отырып, шаруашылықтағы кейбір мәселелерді шешу үшін Орталық Комитеттің

М. В. Хрусталева жолдас, — оның жөніндегі, әсіресе, ауыл шаруашылығын өркендетудің маңызын атап көрсетті. Біз осы мәселені шешу үшін шаруашылықтың қорғалықтарын дамытуға өзара көмектесуіміз керек. Біз осы мәселені шешу үшін шаруашылықтың қорғалықтарын дамытуға өзара көмектесуіміз керек.

Торғай және Аманкелді аудандарында шаруашылықтың қорғалықтарын дамытуға өзара көмектесуіміз керек. Біз осы мәселені шешу үшін шаруашылықтың қорғалықтарын дамытуға өзара көмектесуіміз керек.

Мұнан кейін Жавбаев жолдас Қазақ ССР Министрлер Советін және оның Председателі Тайбеков жолдасы өз қарарларының орындалуын нашар бақылайтын үшін сынады. Мұндай кемшіліктер басқару совет органдарының, атап айтқанда Қостанай облыстық атқару комитетінің жұмысында болып отыр. Облыстық атқару комитеті де көптеген қаулылар алып, бірақ, олардың орындалуын бақыламайды. Мұның бәрінің бәді себебі — Министрлер Советі жергілікті Советтерге басшылықтың дәрежесін арттыруға жеткілікті қамқорлық жасамай отырғанында.

Жавбаев жолдас, сонымен қатар, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетін және оның көркем әдебиет пен искусство бөлімін сынады. Булар республиканың әдебиеті мен искусствосын онан әрі өркендету, жоғары идеялы және көркемдік жағынан шебер жазылған шығармалар жасау үшін қажетті шаралар қолданбайды, деді.

Қазақстан ЛЕЖО Орталық Комитетінің секретары Х. Доспанова жолдас сөз алып, ол партияның XIX съезін шақыру туралы хабармен жіберілген Қазақстан комсомолецтері мен жастарының өздеріне алған социалистік міндеттемелерін орындап жатқаны туралы айтты.

жөніндегі директиваларының жобасында халық-ағарту саласында орасан зор міндеттер қойылғаны туралы айтты. Орта мектепті политехникалық білім беретін мектепке айналдыру, ал, болашақта жалғыз міндетті политехникалық оқудың жүзеге асырылуы социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуде маңызды міндет болып табылады. Сембаев жолдас мынаны атап көрсетті: бастауыш мектептердің, әсіресе, ерлерлік қазақ бастауыш мектептерінің жұмысы республиканың халық-ағарту жұмысындағы өте нашар буынның бірі болып отыр. Оқушылардың білім дәрежесі және олардың үлгеруі партия мен үкімет қойып отырған талаптарға сай емес. Аудандық партия комитеттері көптеген мектептердегі бастауыш партия ұйымдарының жұмыс жайына терең талдау жасамайды, жұмыстың жақсы тәжірибесін қорытып, оны көпшіліктің игілігіне айналдырмайды.

—1951 жылы баспасөз бетінде оқу Министрлігінің және оның министрі меншік атыма,—деді Сембаев жолдас,— оқу кітаптарын басу мәселесі жөнінде жасалған сын өте дұрыс болды және Министрліктің жұмысында болған елеулі кемшіліктерді түзетуге көмектесті.

Үздіксіз есіп отырған жетіжылдық және орта мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз ету мақсатымен, бесжылдықтың аяғында барлық мұғалімдер институттары педагогикалық институттарға айналдырылып, сонымен қатар, жаңа институттар ашылады. Педагогикалық институттардың сырттан оқытатын бөлімшелері арқылы мұғалімдер даярлау ісі ұлғайтылады. Бұл жылдың өзінде Өскемен мен Қарағандыда жаңа институттар ұйымдастырылды. Шет ел тілдері институтының жанында сырттан оқытатын бөлімше құрылды. Физика, математика, табиғат таңу, өрнегілі мен әдебиет факультеттеріне қабылданатын студенттер саны арттырылды.

Қазақ ССР жеңіл өнеркәсіп Министрі В. М. Пелевин жолдас былай деді: —Жаңа бесжылдықта республикамыздың тақымы, аяқкімі, былғары, тігін және торқалы өнеркәсібі едәуір өркендетілді. Жаңа кәсіпорындар салынып, қазіргі кәсіпорындардың көпшілігінде өндіріс ауаты арттырылады.

Салин жолдас облыстың колхоздары мен совхоздарының егіннен тұрақты өнім алуы, мақта түсімін арттыру және мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындауды қамтамасыз етпегенін айтты. Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту ісінде де елеулі кемшіліктер бар.

—Оңтүстік Қазақстан облысы, — деді Салин жолдас, — республиканың мақта шаруашылығының негізгі базасы. Мақта шаруашылығын өркендету міндеттері бір сыра министрліктер мен республикалық ұйымдардың біздің облысымызға басшылығын жақсартып, көңіл бөлуін күшейтуді талап етеді.

Республикада көптеген институттары, эксперименталдық тіректі базалары мен тәжірибе алаңдары бар Ғылым академиясы жұмыс істейді, сонымен қатар, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының филиалы бар. Бірақ, мақташылар осы сан алуан ауылшаруашылық ғылыми мекемелерінен ойдағыдай көмек ала алмай отыр. Мақтаның мол өнімді және тез пісетін сорттарын өндіріске елгізу мақта шаруашылығын өркендетудің қуатты қоры болып табылады. Мұның өзі республиканың ғылыми мекемелерінен қажырлы жұмыс істеуді талап етеді. Аманжол, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қосаев жолдас және В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының жұмысындағы кейбір жақсартандықты, өнеркәсіп жұмысындағы, ауылшаруашылық нақандарын өткізудегі табыстарды айта келіп, шешен съезд делегаттарының назарын қорғасын, кен-руда және көмір өнеркәсіп орындарындағы кемшіліктерге аударды.

Жеңіл өнеркәсіптің түрлі салаларын өркендету, көпшілік тұтылатын бұйымдардың түр-түрін көбейту және сапасын жақсарту көбінесе республикадағы шикізат қорларын дұрыс пайдалануға байланысты. Шешен мынаны атап көрсетті: ет комбинаттары, мал соятын орындар, «Заң» фабрикасы» дайындау орындары былғары өнеркәсібін сапасыз шикізатпен жабдықтады. Партия және совет ұйымдары дайындау органдарының жұмысына тиісті бақылау жасамайды.

—Қонопля мен кенеп—халық шаруашылығы үшін бағалы шикізат болып табылады,—деді бұдан кейін Пелевин жолдас.—Бірақ, шикізат базасы торқалы дақылдар өңдейтін заводтардың өндірістік қуатынан едәуір артта қалып келеді. Қордай ауданында жаңа кенеп зауытын салумен байланысты ауыл шаруашылығы Министрлігі мен Жамбыл облысының облыстық және аудандық ұйымдарының алдында кенеп пен қонопаның өсірілуіне көмектесуіміз керек.

—Республиканың жеңіл өнеркәсібі 1951 жылдың және 1952 жылдың сегіз айының жалпы өнім шығару жоспарын орындады. Бірақ, 54 кәсіпорының 16 кәсіпорны сегіз айлық жоспарын орындаған жоқ. Былғары аяқкімі, киіз байлақ, өнімнің басқа түрлерін шығару жөніндегі жоспар орындалмады. Аяқкімі, мұх және т.б. бұйымдардың өндірісін арттыру міндеті тұр.

—Жаңа бесжылдықта республикамыздың тақымы, аяқкімі, былғары, тігін және торқалы өнеркәсібі едәуір өркендетілді. Жаңа кәсіпорындар салынып, қазіргі кәсіпорындардың көпшілігінде өндіріс ауаты арттырылады.

Жеңіл өнеркәсіптің түрлі салаларын өркендету, көпшілік тұтылатын бұйымдардың түр-түрін көбейту және сапасын жақсарту көбінесе республикадағы шикізат қорларын дұрыс пайдалануға байланысты. Шешен мынаны атап көрсетті: ет комбинаттары, мал соятын орындар, «Заң» фабрикасы» дайындау орындары былғары өнеркәсібін сапасыз шикізатпен жабдықтады. Партия және совет ұйымдары дайындау органдарының жұмысына тиісті бақылау жасамайды.

—Қонопля мен кенеп—халық шаруашылығы үшін бағалы шикізат болып табылады,—деді бұдан кейін Пелевин жолдас.—Бірақ, шикізат базасы торқалы дақылдар өңдейтін заводтардың өндірістік қуатынан едәуір артта қалып келеді. Қордай ауданында жаңа кенеп зауытын салумен байланысты ауыл шаруашылығы Министрлігі мен Жамбыл облысының облыстық және аудандық ұйымдарының алдында кенеп пен қонопаның өсірілуіне көмектесуіміз керек.

—Республиканың жеңіл өнеркәсібі 1951 жылдың және 1952 жылдың сегіз айының жалпы өнім шығару жоспарын орындады. Бірақ, 54 кәсіпорының 16 кәсіпорны сегіз айлық жоспарын орындаған жоқ. Былғары аяқкімі, киіз байлақ, өнімнің басқа түрлерін шығару жөніндегі жоспар орындалмады. Аяқкімі, мұх және т.б. бұйымдардың өндірісін арттыру міндеті тұр.

—Республиканың жеңіл өнеркәсібі 1951 жылдың және 1952 жылдың сегіз айының жалпы өнім шығару жоспарын орындады. Бірақ, 54 кәсіпорының 16 кәсіпорны сегіз айлық жоспарын орындаған жоқ. Былғары аяқкімі, киіз байлақ, өнімнің басқа түрлерін шығару жөніндегі жоспар орындалмады. Аяқкімі, мұх және т.б. бұйымдардың өндірісін арттыру міндеті тұр.

барлық мүмкіншіліктер бар деп анықтамалар берсе, екінші қолымен жобалар жазып, одақтық органдарға өтініштер жолдап жатса, бұл өтініштерде шаруашылық міндеттерді қолдағы бар құралдармен орындауға болмайтынын дәлелдеуге тырысты. Орталық Комитеттің бюросы төменгі партия ұйымдарының ұсыныстарына көбірек құлақ қойып отыруы керек.

Мұнан кейін Мельник жолдас саяси жылдарда Шаяхметов жолдасын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы ұйымдастырушылық жұмысымен күнбе-күн шұғылданып отырмайтынын көрсетті. Афоннов жолдас әзірше бұл жұмысқа нашар араласып жүр, іс жүзінде Орталық Комитет секретарьларының ешқайсысымен практикалық мәселелерді шешуге болмай отыр. Орталық Комитеттің секретарьлары барлық іске араласуы керек. Бұл олардың беделін төмендетпейді, қайта мұның керісінше, халық шаруашылығының барлық салаларына басшылық етуде олардың ролін күшейтеді.

Тайбеков жолдасын Министрлер Советінің Председателі болып істерге іле бір жыл болды, бірақ, осы уақытқа дейін іс оның бір ғана су шаруашылық шараларын жақтаушы екенін көріп отырмыз. Шынында біздің тұрмысымыз алуан салалы, сондықтан Министрлер Советінің Председателі барлық мәселелермен күнбе-күн шұғылданып отыруға тиіс.

Ауыл шаруашылығын өркендету мүдделері партия ұйымдарынан мамандар арасында ойластырып жұмыс істеуді талап етеді. Ауыл шаруашылығы мамандарының арасынан ірі колхоз — совхоз ендірісін ұйымдастырушыларын тәрбиелеп, олардың саяси жағынан өсуіне, олардың іскерлік мамандығын арттыруға күнбе-күн көңіл бөліп отыру керек. Алайда, республикада селолық интеллигенция арасында

мынаны атап көрсетті: Орталық Комитеттің бюросы өзінің міндеттерін нашар орындайтын Министрліктер мен республикалық ұйымдарға, атап айтқанда, ет-сүт өнеркәсібі, коммунальдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы Министрліктеріне жеткілікті талап қоймады.

Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі аудандық партия комитетінің секретары **А. А. Красавцев** жолдасқа сөз берілді. Республиканың партия ұйымы, деп көрсетті ол, халық шаруашылығын өркендетуде есеп беріп отырған уақыт ішінде жаңа табыстарға жетті. Алайда, республика шаруашылығының негізгі саласы — мал шаруашылығы әлі де мықтап артта қалып келеді.

— Біздің пікірімізше, — деді шешен, — ауыл шаруашылығының осы аса маңызды саласының артта қалуының басты себептерінің бірі — МТС-тер жұмысының мал шаруашылығын өркендету мүдделеріне бағындырылмағандығы болып отыр. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың механикаландырылуы нашар. Ишпен жыйнау жұмыстарын ұштастыра механикаландыру міндеті іс жүзінде әлі орындалған жоқ. МТС-тер жемшөп дайындау жұмысынан іс жүзінде шеткей қалып келеді. Осыған байланысты МТС-тердің құрылымын мықтап қайта қарап, озат трактор бригадаларының жемшөп дайындау жөніндегі жұмысының тәжірибесін қорыту керек.

— Партиялық саяси жұмысты күшейту негізінде, — деді Қостанай облыстық партия комитетінің секретары **С. Жанбас** жолдас, — облыстың партия ұйымы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетуде кейбір табыстарға жетті. Дәнді, сүртенетін және мал азықтық дақылдардың, және шоштардың егіс көлемі арттырылды. Үстіміздегі жылы тоғандар, бөгеттер, каналдар салу жөнінде зор жұмыс істеді,

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы су шаруашылығының жоғарғы басқармасы да осындай кемшіліктерге жол беріп отыр. Республика Министрлер Советінің жанындағы Шауқенбаев жолдас басқаратын Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы облыстық және аудандық жоспарлау комиссияларына жеткіліксіз көмектеседі.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Министрлер Советі ауыл шаруашылығы ісімен неғұрлым тығнақты шұғылданып, алынған қарарлардың орындалуын ұйымдастыру, жұмысын күнтізпә тексеріп отырулары керек.

Түркістан — Сибирь темір жолы саяси бөлімінің бастығы **П. Е. Платонов** жолдас өзінің сөзін осы магистральдің жұмысына арнады.

— Егер облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері транспорт жұмысына көбірек көңіл бөлсе, — деді шешен, — біздің жұмысымыздағы көптеген кемшіліктерге біз жол бермеген бола едік. Кейбір облыстық партия комитеттері бізге нақты көмек көрсетпейді. Мысалы, Жамбыл облыстық партия комитеті 1952 жылы Жамбыл бөлімшесінің жұмысы туралы екі рет қаулы алып, Жамбыл бөлімшесінің жұмысындағы кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгіледі, бірақ, жағдай мұнымен жақсарған жоқ.

Платонов жолдас Қазақстан К(б)П Орталық Комитетін сынап, оның секретарьлары мен бөлімдері меңгерушілерінің Түркістан коммунистеріне жолдың жұмысын жақсартуға нақты көмек көрсетудің орнына, телефон арқылы анықтамалар алумен тынатынын, ұсақ-түйекпен шұғылданағынын айтты.

Қазақ ССР оқу Министрі **В. І. Сембаев** жолдас партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары

ның, жергілікті Советтер мен олардың атқару комитеттерінің жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер мен олқылықтар бар. Жергілікті Советтердің атқару комитеттері тұрақты комиссияларға жеткілікті көңіл бөлмейді. Көптеген комиссиялар практикалық жұмыс жүргізбейді немесе шаруашылық пен мәдениет құрылысының кезектегі міндеттерінен оқшауланып жұмыс істейді. Жергілікті Советтердің атқару комитеттері депутаттар арасындағы жұмысқа, жергілікті Советтердің жұмысында олардың ролін арттыруға аз көңіл бөледі.

Партия ұйымдары жергілікті Советтердің жұмысын жақсартуына көмектесіп олардың жұмысын жиі-жиі бақылап отыруға тиіс, оларға болмашы қамқорлық жасаумен айналыспауға тиіс.

Жергілікті Советтердің қызметкерлері совет заңдарын бұзушыларға, бюрократтыққа, қағаз бастылыққа және іске формальды түрде қараушылыққа қарсы мейірімсіз күрес жүргізуге, еңбекшілердің арыздары мен шағымдарын қарау ісінде большевиктік тәртіп орнатуға, еңбекшілерді қабылдау ісін жолға қойып, олардың мүддесі мен тілектеріне тығнақты көңіл қойылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Берімбаев жолдас халық-ағарту, денсаулық сақтау, мәдени-ағарту орындарының жұмысты қанағаттанғысыз істеп отыратынын көрсететін фактілер келтірді, еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттерінің осы аса маңызды уақытқа басшылық дәрежесінің төмен екендігін атап айтты. Еңбекшілер депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері денсаулық сақтау, халық-ағарту ісіне, мәдени-ағарту жұмысына басшылық жасап отыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Мұнан кейін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары **М. Салин** жолдас сөйледі. Облыстық партия

дың пайдасыз шүрген Жамбыл секретары стан К(б) ке, басшы тоқталды.

Облыстар жоспдалуының дарының, отыр. Облсі осы уазақстан К нистраерзақстан К сы және дардың артеп отырм кемшілікте қолданбайм мен қатарлар, су ш сондай-ақ,

стан К(б)П мал шаруа танғысыз айты. Ор бірінде ма ету Орталы не мен Ми не тікелей Орталық К тарапынан, министрлік лығы салас лау әлі де жұмысы ж

Министр талық Коми лық бөлімі дарын даярлау ісі Республика дарын көбегілі жеткен

# «(б)П XIX съезіне лайықты тартулар әзірлеуде

## ҒБЕК ЖЕМІСІ

Председатель: «...ттер, біздің екінші қырманы у майданды да барып көре-ге. Председательге ілесіп, нға қарай бет алдық. Бұл н 6 километрдей жерде екен, арап, асыға түсіп келеміз-телегей-теңіз егін. Комбайн-дң биік маяларынан кез-йды. 795 гектар егін салып едік, таянды. Комбайн анау «Ақ себілген астықты орып жүр—деді Рахметов жолдас. қалың қауызды қызыл би-ылып, ырғалып тұр. ер гектарына 20 центнер, —деді председатель. мның айтқаны ма? —айтты, әрі өзіміздің де —дейді ол,— бір дәннен сабақта қанша дән барын-ге жобалап аламыз. Бұл әл-ндаймыз 340 гектар еді. қусырып-ақ тастаған екен, рі нұсқайды. ы қыр кемесі қалың егін-ел қаусырып, қарыштап-ада бойы түгел қыймылда-кемесі қызыл бидайды-сайын науасынан сары-машиналар жәшігі-Тиелген астықтар да-жеткізілуде. Астық тас-Асанов МТС-нің ком-Левлюк, Грязнов және-даланың қаһармандары-председатель. датель?—дейді ол-деп тұр-деді предсе-се түсіп қаламын дейді.

қарт.—деді председатель.—сат колхозшы. Саңдыбаев қарттың жұмысына қызыға қарап тұрмыз. Ол астық тазартып тұр. Оның алдында тазаланған қызыл дән мя-нут сайын өсе түсуде. Осы кезде қыр астынан он шақты ма-шина шыға келді. —Әне, Афанасьев келе жатыр, —деді бригадир. —Ол кім? —Ол—партия бюросының секретары. Мана келіп, бүгін аябай қыймылдандар, алған міндеттемені аброймен орындайтын күн бүгін. Мен ауылдық Советтен телефон-мен сөйлесіп, райкомнан машина сұрай-мын, —деп кеткен еді. —Астық дайындау жоспарын мерзімі-нен бұрын орындаймыз, —деді Афанасьев жолдас. —Оны қай мезгілде орындауға тиісігі едіңіздер? —15 сентябрь. —Мемлекетке 5299 центнер астық тапсырдық. Енді 800 центнер астық өткі-зу керек. Уәдеміз 15 сентябрь-болса, 10 сентябрьде жоспарды тө-лық орындап шығамыз. Бүгін қы-ладан міне 10 машина келді. Тағы да 5 машина желмекші. Сол 15 маши-наға және бірнеше қолікке 800 центнерді артамыз да жібереміз. Ал, съезд құрметіне мемлекетке жоспардан тыс 2 мың центнер астық тапсырамыз. ...Мана Афанасьев өзімен бірге, барлық коммунистерді ала келген. Олар келе сала қырмандағыларға көмектесіп, астықты тией бастады. Қырман басы қызу майдан-ға айналып кетті. Астық машинаға үздік-сіз тиеліп, дайындау орындарына жонел-тіліп жатты. Машинамен және ат-арбалар-мен 800 центнер астық мемлекетке толық тапсырылды. Астық дайындау жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Енді жоспар

## Астық дайындау жоспары орындалды

«Путь Ленина» ауылшаруашылық ар-телінің (Койухов ауданы) еңбекшілері зор өндірістік табыстарға ие болды. Олар 17 сентябрьде егін жыйнауды толық аяқтап, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын аброймен орын-дап шықты. Көзіргі уақытта колхоз мем-лекетке жоспардан тыс астық тапсыруда. Егін жыйнауда комбайншылар - еңбек үлгісін көрсетті. Комбайншы Евгений Васильев үздік табыстарға ие болды. Пар-тияның XIX съезі құрметіне стахановтық вахтаға тұрып, ол «Сталинец—6» ком-байнмен күн сайын 20—25 гектар егін жыйнап отырды. Оның комбайнын сүйре-ген трактор бүкіл орақ бойына үздіксіз жұмыс істеді. Тракторшы Л. Новиков және С. Смирнов жолдастар өз тракторларын комбайнмен бірге, жұмысқа өнімді пайдал-ана білді. Сөйтіп, комбайншының егінді мерзімінде және ысырапсыз жыйнауына үлкен көмек көрсетті. Колхозда комбайннан астық алу, оны тазарту және дайындау пункттеріне жо-нелту жұмыстары ойдағыдай ұйымдасты-рылды. Колхозшылар жұмыстың мұндай ішпүші участоктерінде үнемі қажырлы еңбек етумен болды. Астық дайындауда Е. Макаров, М. Попков, М. Чупакова және А. Стрижков жолдастар жоғары көрсет-кіштерге жетті. Олар күн сайын 250-центнер орына, 500 центнер астық та-зартып отырды. **М. ЖҰМАҒАЛИЕВ.** **ГРАФИКТЕН ОЗҒАНДАР** Астық дайындауды ойдағыдай аяқтау жолындағы күрес Абай атындағы колхоз-да барған сайын күшейе түсіп отыр. Бұл жөнінде астық тазартудағы колхозшылар стахановтық еңбек үлгілерін көрсетуде. З. Дүйсенов, М. Ермаков



Колхоз председателдерін даярлау жөніндегі Петропавлдағы орта дәрежелі шаруашылық мектебінің оқу шаруашылығындағы жас натуралистер колхозда бау-бақша дақылдарын өсіруіне ойдағыдай көмек көрсетуде. СУРЕТТЕ: мектептің агрономы С.Рақымбаева жолдас облыс ауылшаруашылық көрмесіне көмекші шаруашылықта өсірілген капустаны Суретті түсірге

## Соколов ауданында

### 15 Жылдан бері БУЗАУ КҮТУШІ

Сауыншы—бузау күтуші Варвара Еси-на жолдас «Заря коммунизма» колхозы-ның мал өсірушілерінің құрметіне беле-нуді. Есіна жолдас колхозда 15 жыл бойына бузау күтуші болып істеген мер-зім ішінде мыңнан астам бузауды шығын-сыз өсірді. Ол бузаудың туғанына 20 күн болысымен -ақ 6 айға дейін өз кү-тімне алады. Өткен жылдың өзінде ғана жас баладай мәселеп күтүмен 80 бузау өсірді. Үстіміздегі жылы тәжірибелі бузау кү-туші 70-тен астам бузауларды күтімге алып, олардың ішінен 40 бузауды өріске қосты. Бузаулардың барлығының да ор-тадан жоғары қоңы бар.

колхозындағы жаңа торабы жұмыс істейтін. Көзір колхозшылар Мәскеуден Совет Одағының басқа республикаларынан радио хабарларын естіп отырады.

### СЕЛОЛЫҚ КІТАПХАНА

Өткен жылы Сталин атындағы колхозда жаңадан селолық кітапхана үйі салынып жұмыс істей бастады. Алғашқы күнде мұнда небары 400 дана кітап болды. Ал, көзір кітапханада 2 мыңнан астам кітап бар. Мұның ішінде Ленин, Сталин шығармаларының көптеген томдары, яси және ауылшаруашылық кітаптары бар. Кітапханада 100-ге жуық кітап оқығышылар бар. Әсіресе, колхоз председателері

Колхоз председателдерін даярлау жөніндегі Петропавлдағы орта дәрежелі шаруашылық мектебінің оқу шаруашылығындағы жас натуралистер колхозда бау-бақша дақылдарын өсіруіне ойдағыдай көмек көрсетуде. СУРЕТТЕ: мектептің агрономы С.Рақымбаева жолдас облыс ауылшаруашылық көрмесіне көмекші шаруашылықта өсірілген капустаны Суретті түсірге

# Александр Николаевич Радищев

(Қайтыс болғанына 150 жыл толуына)

Александр Николаевич Радищев Отанымыздың азаттық қозғалысында ерекше көрнекті роль атқарған орыстың ұлы революциялық әдебиетінің негізін қалаушы тұңғыш революционер-жазушы. Радищевтің есімі крепостниктік пен самодержавиеге қарсы, халық азаттығы жолындағы дақты күрескерлер қатарында бірінші орын алады.

Владимир Ильич Ленин «Ұлы орыстың ұлттық мақтаны туралы» мақаласында патша жөндеттерінің, дворяндардың, капиталистердің тамаша Отанымызға қандай зорлық-зомбылық жасағанын, оны қалай езіп, қандай қорлық көрсеткенін айта келіп былай деп жазды: «Бұл зорлық-зомбылық біздің арамызда ұлы орыстар арасында тойтарыс қыймыл туғызғанын, бұл орта Радищевты, декабристердің 70-жылдардың әртекті-революционерлерін туғызғанын ұлы орыстардың жұмысшы табы 1905 жылы бұқараның қуатты революциялық партиясын құрғанын, ұлы орыс жұмысшы бұл кезде демократ бола бастағанын, поп пен помещикті құлатуға кіріс кенін біз мақтан етеміз».

Орыстың алдыңғы қатарлы әдебиеті Радищевтің революциялық идеяларын қабылдап, дамытты. Революциялық идеялар, крепостниктік пен самодержавиеге қарсы күрес идеялары өздерінің ұстазы мен тығыз байланысты радищевшіл-ақындардан бастап декабристер мен Пушкинге олардан—Лермонтов пен Белинскийге, Герценге, Чернышевский мен Добролюбовке, Некрасов пен Салтыков-Щедринге көшіп, үздіксіз дамып берді.

А. Н. Радищев өмір сүрген және оның шығармаларында айқын суреттелген дәуір XVIII ғасырда Россияда самодержавие мен крепостниктік қатынастың күшейген дәуірі болды. Үстемдік еткен помещиктер табы мен крепостной шаруалардың қалың бұ-

қарасы арасындағы қайшылық бұл дәуірдің негізгі қайшылығы болды.

Екатерина II-нің үкметі шаруалардың халықтық соғысының кең өріс алып ерекше ұлғаюынан қатты қорықты. Тіпті көтерілістің өзін басу халықты тыныштандырудың қолы болмады, өйткені, көтеріліс туғызған себептер—крепостниктік езудің өкілі мен самодержавие—сол қалпында қалып қойды.

Александр Николаевич Радищев 1749 жылы Саратов губерниясының Кузнецк уезіндегі Верхняя Аблизово деревнясында помещиктер ортасында туды.

1771 жылы Радищев Сенатқа протоколшы болып қызметке кірді. Ол дәуірдегі алдыңғы қатарлы адамдардың қызметімен тығыз байланысты оның әдеби қызметі де сол кезде басталды. 1773 жылы Мабандің «Грек тарихы туралы ойлар» деген кітабының Радищев жасаған аудармасы шықты. Аударманың авторы бұл кітапқа жасаған ескертулерінде: «самодержавие—адамның табиғатына қарсы ең жексұрып қалып» деп жазды. Сол жылы Радищев Петербург бас команданысының штабына қызметке көшірілді: Шаруалар соғысының өң бойына ол осында қызметте болды. 1775 жылы ғана, яғни шаруалар көтерілісіне қатысушыларды қырып-жойып қан-қақсатқан дәуірде, ол қызметтен кетті, бұған оның саяси көзқарасы себеп болса керек. Радищев екі жылдан кейін мемлекеттік қызметке қайтып, сауда коллегиясына жұмысқа кірді. 1780 жылы—ол Санкт-Петербург таможнясы бастығының көмекшісі, ал, 1785 жылдан бастап бұл таможняның бастығы болды. Мұнымен бірге, әдеби қызметпен шұғылдана жүріп, Радищев 1780 жылы «Ломоносов туралы», 1782 жылы «Тобольскте тұратын досқа хат», 1783 жылы «Еркіндік», 1784—1788 жылы «Федор Васильевич Ушаков-

тың өмірі» деген шығармаларын және 1789 жылы орыс әдебиетінің тарихына мінгілік орын алған өзінің «Петербургтен Москваға саяхат» деген шығармасын жазды.

«Саяхатты» Радищев 1790 жылы өзінің басынаханасында бастырды. Бұл кітап үшін ол Екатерина II-нің бұйрығы бойынша тұтқынға алынып, сотқа тартылды. Сот оны өлім жазасына кесті. Бірақ, Екатерина II «қайырымдылықпен» өлім жазасы орнына оны 10 жылға Сібірге жер аударды. Радищевті Илимск түрмесіне жөнелтті. Екатерина қайтыс болғаннан кейін 1796 жылы ғана жазушының туған елге қайтуына рұқсат етілді. Павел I-нің өлімінен кейін 1801 жылы Радищевке кешірімі жасалды, праволары қайтып берілді, ол заңдар даярлайтын комиссияға тарайындалды. Үкмет халықтың ешқандай тілегін қабылдамайтынын бұл комиссиядағы жұмыс Радищевке оған сайын айқын көрсетті. Радищев өзінің бұл халіне көне алмай, деспотизмнің құралы бола алмады, сондықтан ол 1802 жылғы 12 сентябрьде үу ішін, өзін-өзі өлтірді. Қоғамның алдыңғы қатарлы топтары Радищевтің өлімін—жазушыны Александр I-нің үкмет тәртібінің өлтіргендігі деп таныды. Оның жолын құтан шәкірттері радищевшіл ақындар: өзінің ұстазының өлімі туралы елеңмен және қара сөзбен шығармалар жазған Пнин, Борн, Попугаев, Радищевтің ұлдары және басқа көп шәкірттері революционер жазушының бастаған ісін ала бастырады. Бұлар оның мұрасын крепостниктік пен самодержавиеге қарсы күрескерлердің жаңа ұрпақтарына қамқорлықпен тапсырып келді.

Өзінің философиялық көзқарасы жағынан Радищев материалист болды. Өзінің материалистік көзқарастарын ол «Петербургтен Москваға саяхатында» және

«Адам туралы, оның өлетіндігі және мәңгі жасайтындығы туралы» трактатында негізгі тұжырым толық баяндады.

Адамның ойы емес, тәжірибе мен фактілер, Радищевтің сенімінше, дүниені танудың, ақиқатты табудың негізі болып табылады. Ол былай деп жазады: «Жан демемен бірге өспей ме, онымен бірге есейіп шығаймайма, онымен бірге солып тонас таңбай ма? Сен өзіңнің барлық түсініктерің мен ойларыңды сезімнен алмайсың ба? Бірақ, сенің жаңың өзіңнің органдарыңның ісі емес, жан денеден аулақ дегенді қайдан қыялға сыйғызды?... «Ой органдық денеден пайда болатынын, ой неғұрлым жақсы ұйымдастырылған жерде» неғұрлым өткір және мінсіз болатынын бұл айқын түсінді.

Материалистік көзқарастарды дамыта тұрса да, алайда, Радищев идеализмнің біраз ыңғайына көшеді, бірақ, өз материализмінің дәйексіздігіне қарамастан ол XVIII ғасырдың ұлы революцияшы ойшылы болды, бұған батыс философтарынан көп бұрын жетті. Радищев қоғамдық-саяси көзқарастар саласында да алдыңғы қатарлы ойшыл болды. Ол өзінің теориялық және көркем әдебиет шығармаларында, ең алдымен, «Петербургтен Москваға саяхатында» бұл көзқарастарды толық және бейнелеп ашты.

Бұл тамаша шығарманың негізгі идеясы крепостниктік пен самодержавиеге қарсы күрес, еркіндікті, бостандықты жариялау, адамды қолдау болды. Мұндай ардақты және өткір саяси міндетті орындау үшін Радищев саяхат формасын, Россияның айттары мен топтарының тарихи өмірінің әр алуан кезеңдерінде бүкіл Россияны шолуға мүмкіндік беретін өте қолайлы форманы ойлап шығарды.

Жазушы феодализмді төртінше қарсы күресін қана қоймай, ол халықтық революция жасауға шақырды, өзінің революциялық көзқарастарында үздік алға басқандығы сонша, декабристерден асып түсіп, революцияшы демократтар—Белинскийге, Чернышевскийге, Добролюбовке

туып, тікелей халық Радищевтің күресін адамның қасындағы революцияны Радейін дүниеден болып күрескен тәң І саясаттың, аға аю сыпат алты шаруа алған да бол сенің де сен деткер, зекіді.

Крепостниктерді баяндауға болмайтын ғана сін малның өзін ған адамға қамыт

XVIII бас кезі күлдікты жоқ. Те

## ын пайдалану мүмкіншіліктері

ай бойына жұмыс істегенде еліміз жылына 10 миллион тоннадай отынды үнемдей аламыз. Мұндай тетіктерді жасаудың алғашқы шығыны орта есеппен бір-екі жұмыс маусымында өтелер еді.

Күннің қуатын техникалық қажетке пайдалану мәселелерімен шұғылданатын ғылым мен техника саласы гелиотехника (Гелиос — грекше Күн деген сөз) деп аталады, ал бұл саланың мамандары гелиотехниктер деп аталады.

Біздің алғашқы академигіміз М. В. Ломоносовтың өзі 1741 жылы гелиотехникамен шұғылданып, өзі жасаған «тұтандыру аспабының фокусында электр күшін байқай қарауды» ұсынды.

Профессор В. К. Цераски өткен ғасырдың 80-жылдарында тұтандырығын айнаның фокусынан 3.500 градустан астам жылылық алды.

СССР Ғылым академиясының Энергетика институты ғылыми қызметкерлерінің коллективі кәзіргі уақытта профессор В. А. Баумның басшылығымен, Күн жылылығын пайдаланатын бұрынғы аспаптарды жетілдіру және жаңа аспаптар жасау ісімен шұғылданауда. Тбилисиде, Ереванда, Ташкентте, Самарқандта, Алматыда, Бухарада және еліміздің басқа қалаларында гелиотехника саласында әртүрлі жұмыстар жүргізілуде. СССР Ғылым академиясының Гелиотехника комиссиясы академик М. В. Кириичевтің басшылығымен бұл саладағы ғылыми жұмыстарды бір ізге салып бағыттап отырады.

\* \* \*

Ең қарапайым «Күн жылуының аспаптары», «ыстық жәшік» деп аталады. Бұл ағартқан жасалған кәдімгі жәшік, оның ішкі түбі қара бояумен боялған, беткі жағы терезе әйнегімен қабылған, түбі және қабырғалары жылылықты аз өткізетін материалмен (сабан, мақта, піше, киіз және басқа сондай материал) қапталған. Жәшіктің әйнек орнатылған жиектері оның ішіне және оған сыртқа

туты тұрмыс қажетіне пайдалану үшін, көшірмелі бұл қазаның (қонструкторлары В. В. Веймберг және П. Н. Жейнгард) сызықтан өткізді. Чегодан сыяқты бұл аппарат ашылып, арнаулы тіректердің үстіне «күн көзіне» қойылады. Сәулелер түсіретін екі айна күннің сәулесін қазанға бұрып жібереді, онда қызудан судың бұйы пайда болады, бұл бұ түтік арқылы жақсы қапталған ыдысқа жіберіледі.

Ленинградтың жағдайында бұл аппараттың көмегімен борщ, макарон, ботқа пісіріледі, кофе, сүт қайнатылмай және сондай ас пісіріледі. Осындай бір аппарат 10—12 адамның қажетін өтейді. Озы колхоздың егін қостарында ойдағыдай қолдануға болады.

Мұнан бірнеше жыл бұрын Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Ленинградтағы еңбек қорғау институты (қонструкторлар Б. В. Петухов, Б. К. Бодашков, Л. М. Розенфельд) алғаш рет Күн жылуын пайдаланатын салқындатқыш-склад жасап шығарды. Бұл аппарат қатты ыстық кезде (көлемде 41—43 градус) салқындатқыш камераларындағы ауаның жылылығын 5-6 градусқа түсірді, ал салқындатқыш батареяларындағы температура 2—3 градус суықтыққа жеткізілді.

Бұл мысал күннің қуатын ауаны салқындату қажетіне пайдалануға болады және оны салқындатқыш-складтар үшін ғана емес, ауруханалардың, бала тәрбиелетін орындардың, санаторийлердің, кинолардың, театрлардың және басқа сондай орындардың ауасын салқындату қажетінде пайдалануға болады деп есептеуге толық дәлел бола алады.

В. Н. Бухман (Алматы) жасап шығарған, Күннің жылуынан пайдаланатын емдеу рефлекторларын қолданудың денсаулық сақтау қажеті үшін ерекше маңызы бар. Бұл аппарат — ағаш рама, оның бір басына күн сәулесін түсіретін айна орнатылған, екінші басында науқас адам оты

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 23 сентябрь. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін барлық майдандарда Халық армиясы құрамаларының қытай халық ерікті бөлімдерімен тығыз бірлесіп қоймыл жасай отырып, американдық интервенция тері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы

қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болғанын хабарлады.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атушылар отрядтары бейбіт елді пункттерге аяуандықпен шабуыл жасауда болған душпанның бес самолетін атып түсірді және 13 самолетін зияндады.

## Болгарияда бейбітшілікті жақтаушылардың ұлттық үшінші съезіне әзірлік

СОФИЯ, 22 сентябрь. (СОТА). Болгар халық бейбітшілікті жақтаушылардың Ұлттық үшінші съезіне және халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресіне белсенділікпен әзірленуде. Барлық кәсіпорындарында, селоларда, мектептерде бейбітшілік үшін күрескерлердің көп адам қатысқан жыйналыстары болды. Оларда бейбітшілікті қорғаудың жергілікті комитеттерінің жұмыстарына қорытынды жасалды, бейбітшілікті жақтаушылардың экономикалық және округтік конференцияларын өткізу жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Конференцияларда бейбітшілікті жақтаушылардың Ұлттық съезіне делегаттар сайланады.

Бейбітшілікті жақтаушылардың Ұлттық

съезіне және бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне әзірлікке болгар әйелдері белсене қатысып отыр. Кеше Софияда астана әйелдері активінің бейбітшілік үшін күреске арналған кең мәжілісі болып өтті.

Елдің барлық жерлерінен бейбітшілікті қорғаудың болгар ұлттық комитетіне бейбітшілікті қорғаудың барлық жергілікті комитеттерінен және еңбекшілерден телеграммалар түсуде. Олар телеграммаларға миллиондаған қарапайым адамдардың бақыты, мәдениеті мен прогресі үшін, жаңа соғыс өрті тұтандырышылар — американдық империалистеріне қарсы оған сайын батыл күрес жүргізуге уәде береді.

## АМЕРИКАНДЫҚТАРДЫҢ ГОЛЛАНДИЯ ЭКОНОМИКАСЫНА АРАЛАСУЫ ЖӨНІНДЕ ГОЛЛАНД БАСПАСӨЗІНІҢ ПІКІРІ

ГААГА, 22 сентябрь. (СОТА). Голланд баспасөзі американдық капиталдың Голландияға өтуі жөнінде тынышсызданғандықпен хабарлайды. «Де фолксрант» газетінің бүгінгі санында көптеген американдық өнеркәсіп монополияларының Голландияда өздерінің филиалдарын ашуға тырысып отырғандығы хабарланды. Мәселен, Алмелода американдықтар тоқыма өнеркәсібі үшін машина жасайтын завод салған.

Үстіміздегі жылы американдық 14 фирма өдерінің фабрикалары мен заводтарын салып, Голландияда мықтап бекініп алған. Голландияның өнеркәсіп иелері американдықтардың Голландияда экономикалық позицияларды басып алуына көмекші болып отырған «Голланд — американдық ынтымақтастық институты» деп аталатынын жұмысына наразылық білдірді.

## АМЕРИКАН ӘСКЕРЛЕРІ КОРЕЯДА ХИМИЯЛЫҚ ҚАРУЛАРДЫ ӘЛІ ҚОЛДАНУДА

ПЕКИН, 22 сентябрь. (СОТА). Синьхуа

заттар салған снарядтармен он рет атқылаған. Бес рет — Батыс майданда, төрт

нәтижесінде графикті толық орындап шығарамыз.

Қоғамдық мал азығының берік қорын жасау, шөп шабу жоспарының артығымен орындалуын қамтамасыз етуде кең алымды машиналар шешуші роль атқарады. Мұны жете ұғынып, кең алымды машиналардың жоғары өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету — әрбір машинисттің басты міндеті және жауапты ісі. Біз еңбекшілердің арттыра берудің әдістеріне жете отырып, жоспардан тыс кемінде 100 текпаз шөп шабамыз. Сөйтіп, партияның XIX съезінің еңбекте жаңа табыстармен қарсы аламыз.

**В. ЧЕНЧЕНКО,**

Совет ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың машинашысы.

## Мал басы өсуде

Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруға Преснов ауданындағы «Жизнь» колхозының мүшелері барлық мүмкіншілікті жұмсауда.

Быйыл бұл колхоздың қоғамдық малы қыстап күйлі шықты. Төл алу маусымы айдағыдай өткізілді. Сөйтіп, мал басы төл есебінен мықтап өсті. Өткен 8 ай ішінде мұнда, әсіресе, жылқы, қой-ешік және құс саны едәуір көбейді. Бұл тұйықтарды өсіру жөніндегі жоспар толық орындалды. Ал, ірі қара мал өсіру жөніндегі жоспар тағу күндерде орындалмады отыр.

Сауыншы А. Ташенко жолдас абағар мерзімі ішінде мал шаруашылығында үздік табысқа ие болды. Ол қарамағындары 11 сауын сыйырдың әрқайсысынан бір-бір бұжау алып, оларды шығынсыз өсірді. Мұнымен бірге, әрбір сауын сыйырда 1100 литр сүт алып, сүт дайындау жөніндегі ташырманы айдағыдай орындады.

**Б. ЕЛЕУСІЗОВ.**

Азияда жер бетіне түсетін Күн қуаты онан да көп.

Бұл мысалдардан көрініп отырғандай, жер бетіне түсетін Күн қуатының мөлшері адамзаттың қажетіне керекті бүкіл қуат мөлшерінен сан есе көп. Бірақ оның іс жүзінде пайдаланылатыны тіпті аз. Мұның бірсыпыра себептері бар: Күн қуатын пайдалану ауа райына, Күннің жылылықты күн тәулігі бойына әртүрлі шапшаңдықпен таратуына және басқа себептерге байланысты. Алайда бұл көрсетілген кедергілерді жеңуге болады. Көптеген ғылыми еңбектер, тәжірибелер және Күннің жылылығын пайдаланатын әртүрлі установкалар бұған дәлел. Мысалы үшін, Түркияда жасалған, Күннің жылуынан пайдаланатын моншалар жылына 8-9 ай бойына үздіксіз жұмыс істейтінін көрсетуге болады.

Күннің қуатын халық шаруашылығында кеңінен пайдаланудың мемлекеттік маңызы бар екендігі айқын. Егер СССР-ның оңтүстік аудандарында Күннің қуатымен су қыздыратын тетіктерді орнатқанын өзінде, олар жылына жеті жарым

күннің өзінде суың 80 градусқа қызатыны абықтады және бұл су күніне 60 және 80 адамның жуынуына толық жеткілікті болды.

Колхоз поселкелерінде Күннің жылылығымен пайдаланатын, 120-150 кісілік моншалар, тір жуатын орындар жасауға болады. Мұндай моншаларды Украина ССР-нің және РСФСР-дің оңтүстігінде кеңінен пайдалануға болар еді. Олар жылына кемінде 150—160 күн бойына қысқартылған және отынсыз жұмыс істер еді.

Күннің жылуынан пайдаланып су қыздыратын аппараттың әрбір шаршы метрі (Украина аудандарында) күніне 65—75 литр ысы су бере алады, ал оны жасу шығыны 150 сомнан (әрбір шаршы метріне) аспайды.

Күннің жылуымен ауаны қыздыратын өте қарапайым аппараттардан 70-80 градусқа дейін қыздырылған ысы ауа алып, оны жеміс, овоң, астық, темекі, мақта және тіпті құрылыс материалдарын (ағаш, кірпіш) кептіруге қажетіне пайдалануға болады.

1940 жылы Мемлекеттік оптика институтының

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Еңбеккүн дұрыс жазылса екен

Еңбекті тырнақты, тужырымды көрсетіп, оны бесқұдық сайын колхозшыларға естіртіп отыру, жұмыстың барлық учас-токтерінде еңбек өнімділігін арттыруға қолайлы жағдай туғызады.

Бірақ, Сталин атындағы колхозда (Булаев ауданы) колхозшылардың еңбеккүн мерзімінде және дұрыс жазылмай келеді. Мәселен, О. Казеновтың қысқы маусымда ат күткен кезіндегі, еңбеккүн түп орнымен жоқ. Ол табельде де еңбек кітапшасына да жазылмаған. Б. Бектембаева, Б. Мадаев және А. Әлжанов сыяқты колхоз-

шылардың көк сағыз өсіру жөнінде істеген жұмыстарына еңбеккүн мүлдем есептелмеген. Мұндай фактілерді көптен келтіруге болады.

Мұның барлығы колхоз және бригад есепшілерінің колхозшылардың атқарған жұмыстарына тиісті еңбеккүнді қорытуға мән бермей, оған назар етпей қарауының салдары. Мұнда колхозшылардың еңбеккүндерін жазу, қорыту кезіргі уақытта да қанағаттанғысыз. Бұл колхозда еңбеккүн жазу қашан жолға қойылар екен?

**М. ЗАҒЫПАРОВ.**

тиясының председатели

## ИНДИЯ ИНТЕЛ

ДЕЛИ, 22 сентябрь. Президиум басқару баспасөзде жариялаған генция арасындағы тегін айқын көруге

## ФРАНЦУЗ ӨКМЕТ ОЗЫРЫ

ПАРИЖ, 22 сентябрь. «Гасеті Францияның ринің бұйрығы бойын сының (Теңіз жағала парламенті) мері Блаззімге қызметінен босады. Бұл шара, деп ақ Бланкардың Тулон Ротка француз патриот далауды тоқтатуды тәрен қаласы муниципалдеуін жолдағаны үшін неді.

## «УДАРНИК» киноте

«РОБИН ГУДТЫ»  
Сеанстар сағат 6-8-  
Касса сағат 3-тен б

## Жерге орналас Петропавлдың мекемесі

түпкілікті жұмыс  
КЕРЕК.  
Бұл жөнінде жо  
Совет көшесі 23-ү  
алуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмес